

**Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы Дене
шынықтыру саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі зертханасының
2023 жылы атқарған жұмысы туралы**

ЕСЕБІ

1. Ғылыми-зерттеу қызметі

2023 жылғы маусымнан қарашаға дейін Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Өңірлік кеңсесімен бірлесіп «Сапалы дене тәрбиесі» ғылыми жобасы іске асырылды (мерзімі: 2023 жылғы маусым-қараша).

Жобаның мақсаты – Қазақстанда сапалы дене тәрбиесі саясатын ілгерілету.

Жоба аясында орта білім беру ұйымдарында дене шынықтыруды оқытудың жай-күйін зерделеу мақсатында Орал (2023 жылғы 8 қыркүйек), Алматы (15 қыркүйек) Шымкент (25 Қыркүйек), Өскемен (22 қыркүйек) қалаларында дене шынықтыру педагогтерімен 5 консультациялық кездесу өткізілді. Жұмыс қорытындысы бойынша ағымдағы жағдайға аналитикалық шолу, жоба саясаты және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалды. 20 қарашада ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитетінің, білім басқармалары басшыларының, дене шынықтыру педагогтерінің қатысуымен өткен семинарда атқарылған жұмыстар туралы қысқаша есеп ұсынылды.

2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бірлескен «Балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығының мониторингі: ұлттық өлшеу құралдарын модификациялау» ғылыми жобасы іске асырылуда.

Жобаның мақсаты – 9-17 жастағы балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығының деңгейін диагностикалауға арналған, физикалық дамуы, дене шынықтыру және функционалдық дайындығы сияқты физикалық денсаулығының негізгі көрсеткіштерін бағалауға негізделген ұлттық батарея сынақтарының жаңартылған мазмұнын әзірлеу.

Жоба барысында еліміздің 15 өңірінің білім беру ұйымдарында оқитын 9-17 жастағы балалардың физикалық дамуының деңгейіне зерттеу жүргізілді. Барлығы 1792 ер бала және 2054 қыз бала тексерілді. Сондай-ақ еліміздің 4 өңірінің білім беру ұйымдарында оқитын 9-17 жастағы балалардың физикалық және функционалдық дайындығына зерттеу жүргізілді. Барлығы 1000-ға жуық оқушы тексерілді. Қазіргі уақытта Қазақстан оқушыларының физикалық дамуы, дене шынықтыру және функционалдық дайындығы туралы деректерді өңдеу және жүйелеу жүргізілді. Орта білім беру ұйымдары балаларының физикалық денсаулығы параметрлерінің базасы құрылды.

Зерттеу нәтижелерін Цифрлық денсаулық паспортын әзірлеу кезінде пайдалану жоспарлануда, онда оқу басталған сәттен бастап оны аяқтағанға

дейін ҚР балалары мен жасөспірімдерінің физикалық денсаулығының параметрлері туралы барлық ақпарат көрсетіледі.

2023 жылдың ақпан-мамыр айларында еліміздің барлық өңірлері бойынша 9-17 жастағы білім алушылардың физикалық жағдайы (салмағы, бойы) бойынша алғашқы зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша «Дене шынықтыру хабаршысы» ғылыми-практикалық журналының үшінші санында жариялау үшін ғылыми мақала дайындалды.

2. Ғылыми-әдістемелік қызмет:

2.1. әзірленді:

- орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар («Нормативтік-құқықтық» және «Психологиялық-педагогикалық» модульдер);

- «Білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру» ӘКН бөлімі;

- дене шынықтыру бойынша пәндік олимпиада өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- шахмат, сергіту сәті, асық ату челленджерін, сондай-ақ асық ату олимпиадасын өткізуге арналған материалдар;

- «Сергіту сәті» республикалық челленджін өткізуге әдістемелік ұсынымдар (қаз., орыс тілд.);

- «Сергіту сәті» республикалық челленджін өткізу бойынша 1-4 сыныптарға, 5-9 сыныптарға, 10-11 сыныптарға арналған, сондай-ақ «Алтын сақа» республикалық челленджін (жалпы орта, қосымша білім алушылармен, ТЖКБ) өткізу үшін қазақ және орыс тілдерінде бейнероликтер.

- Назарбаев Университеті медицина мектебімен бірлесіп спорт түрлері бойынша 20 бейнеролик дайындалды (мерзімі: қыркүйек-қазан);

- «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы аясында «Алтын сақа» олимпиадасын өткізуге арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

2.2. Қазақ және орыс тілдерінде әзірленді:

- «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Қазіргі уақытта бұл материалдар ҚР ОМ-да бекітілуінде.

- «Дене шынықтыру» пәні бойынша республикалық олимпиада ережесінің жобасы;

- «Үздік дене шынықтырудың педагогі – 2023» республикалық конкурсын өткізу туралы ереже» жобасы.

2.3. Әдістемелік ұсынымдарды тексеру-түзету жүргізілді және рецензиялау ұйымдастырылды:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене шынықтыру сабағында қимылды ойындарды пайдалану бойынша (қаз., орыс тіл.) (4 б. т.)

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі спорт түрлері бойынша сабақтар өткізу бойынша (қаз., орыс тіл.) (6 б. т.)

- білім алушы жастар арасында ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыру және өткізу бойынша (қаз., орыс тіл.) (6 б. т.).

2.4. *жүйеленді:*

-дене шынықтыру және спорт саласында, оның ішінде жекелеген спорт түрлері бойынша, білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша жарияланған оқу-әдістемелік әдебиеттің цифрлық дерекқорын құру үшін ЖОО ПОҚ әзірлеген ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиет. Әдебиет Орталықтың сайтында орналастырылған.

- «Дене шынықтыру» пәні бойынша пәндік олимпиаданы өткізуге арналған тест тапсырмалары.

2.5. *Жұмыс тобының құрамында:*

- орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасының жобасын;

- арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушылардың дене тәрбиесі бойынша сабақтарды ұйымдастыру туралы ереженің жобасын әзірлеуге қатыстық.

3. Ғылыми-ұйымдастырушылық қызмет

3.1 Назарбаев Университеті медицина мектебімен, WSG экономика университетінің Спорт және дене шынықтыру институтымен (Быдгощ қ., Польша), Әзірбайжанның спорттық медицина және оңалту ұлттық институтымен, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар республикалық кеңесімен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорымен, «Қазақстан футбол федерациясы» ЗТБ ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

3.2. Ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру шеңберінде:

- Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында «Білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру және спорт: тәжірибе және даму перспективалары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыруға және өткізуге қатыстық (Алматы қ., онлайн, офлайн режимде, ақпан 2023 ж.);

- университеттің спорт ғылымдары Жоғары мектебінің профессоры, Жапон дене шынықтыру және спорт қоғамының, Жапон физиология қоғамының директоры, Жапон дене шынықтыру және спорттық медицина кеңесінің мүшесі, «Physical Education» журналының бас редакторы Йокогам Тойнның қатысуымен «Спорт ғылымы негізінде» дене шынықтыру» пәнін оқыту әдістемесі» атты халықаралық оқыту семинары ұйымдастырылып, өткізілді (Астана қ., 2023 жылғы 14 ақпан). Қазақстанның барлық өңірлерінен 100-ден астам адам қатысты;

- WSG экономика университеті Спорт және дене шынықтыру институтымен (Быдгощ қ., Польша) бірлесіп Еуропалық Одақтың мектептегі білім беру процесіне дене шынықтыру педагогтерінің заманауи білім беру технологияларын енгізу мәселелері бойынша халықаралық оқыту семинары ұйымдастырылды (Польша үлгісімен). Семинарда 8 халықаралық сарапшы баяндама жасады. Астана қаласының 120-дан астам дене шынықтыру мұғалімдері қатысты. (Астана қ., 2023 жылғы 14 сәуір);

3.3 «Дене шынықтыру» оқу пәнін дамыту перспективалары және оның үйлесімді тұлғаны тәрбиелеудегі рөлі» Республикалық дене шынықтыру мұғалімдері қауымдастығының I съезін ұйымдастыруға және өткізуге қатыстық (Астана қ., 2023 жылғы 4 сәуір);

3.4 Дене шынықтыру әдіскерлерімен оқыту семинары өткізілді (Астана қ., 13-14 маусым). Барлығы: 45 адам (орыс тілінде) және 44 адам (қазақ тілінде) қатысты.

3.5. Тамыз конференциясы аясында дене шынықтыру мәселелері бойынша 3 секция жұмысы ұйымдастырылды: бағдарлама, баспасөз парағы, ұсынымдар жобасын дайындалды, презентациялар мен баяндамалар жиналды, дене шынықтыру педагогтері, әдіскерлер, Қазақстанның барлық өңірлерінен өңірлік орталықтар басшылары тізімі қалыптастырылды (Өскемен қ., 24-25 тамыз). Барлығы 100-ге жуық адам қатысты.

3.6. 5-6 сынып, 7-8 сынып оқушылары арасында дене шынықтыру пәнінен Республикалық пәндік олимпиада ұйымдастырылып, өткізілді. Барлығы еліміздің 15 өңірінен 270 оқушы қатысты (2023 жылғы 28-31 қазан, Алматы қ.).

3.7. «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2023» республикалық конкурсын өткізу бойынша жұмыс ұйымдастырылды, оған Қазақстанның 19 өңірінен облыстық конкурс турының жүлдегерлері атанған дене шынықтыру педагогтері қатысты. Аталған шара «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығымен бірлесіп, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының қолдауымен өткізілді (*Ақмола облысы, Шучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы ғимаратында, 2023 жылғы 21-24 қараша аралығында*).

3.8. ҚР ОАМ «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасын іске асыру шеңберінде жасалған ынтымақтастық туралы меморандум негізінде Республикалық Асық ату федерациясымен бірлесіп «Алтын сақа» республикалық олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастырылды және өткізілді (01.11.-09.12.2023 ж.).

Аталған жоба аясында:

- «Алтын сақа» республикалық челленджі өткізілді (17.11. 2023 ж.) (*Қазақ және орыс тілдерінде тұжырымдама, сценарий, әдістемелік ұсынымдар және бейнеролик әзірленді*) Барлығы 3 млн.астам білім алушы қатысты.

- «**Асық ойыны – ұлттық спорт түрлерінің әліппесі**» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар өткізілді (08-09.12. 2023, Астана қ. №24 ОМ). Барлығы республиканың 18 өңірінен 86 дене шынықтыру педагогі қатысты.

Шарада Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, Республикалық Асық ату федерациясының атқарушы директоры, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының құрметті профессоры Жомарт Сабыржанов; ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы Жомарт Оразов; Астана

каласы Асық ойыны федерациясының президенті Ескендір Рахметовтер негізгі баяндамашылар болды.

Сондай-ақ «**Асық ойынының қолданыстағы ережелері**» туралы СҚО Асық ату спортының аға жаттықтырушысы Қуат Хайруллин; «Бес асық» ойынының аға жаттықтырушысы Марат Исламбеков; Асық ату спортының аға жаттықтырушысы Перизат Еслемес мазмұнды ойлармен бөлісті.

Семинар жоғары деңгейде өтті, онда ұлттық спорт түрлеріне теориялық және практикалық тәсілдер айтылып қана қоймай, сонымен қатар семинарға қатысушылар тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Семинар соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

- семинар аясында «Асық ату» және «Бес асық» ойындары бойынша республикалық олимпиада ұйымдастырылды. Барлығы 90 оқушыдан құралған 15 команда (15 өңірден) команда қатысты.

Олимпиада нәтижесінде «Асық ату» бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткен жарыста I орынға – Жамбыл облысы, II орынға – Павлодар облысы, III орынға – Қызылорда облысы ие болды.

Қыз балалар арасында өткен «Бес асық» ойыны бойынша I орынға – Астана қаласы, II орынға – Қызылорда облысы, III орынға – Атырау облысы ие болды.

Іс-шараға қатысушыларға сертификаттар табыс етіліп, арнайы дипломдармен марапатталды.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы тұжырымдамасы негізінде «Алтын сақа» республикалық олимпиадасы бойынша өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерде атап айтқанда «Facebook» – 3500, «Instagram» – 1000, «TikTok» – 1500 ақпарат жарияланды.

3.9. «Дене шынықтыру хабаршысы» ғылыми-практикалық журналының үш нөмірі дайындалып, жарық көрді. Төртінші нөмір баспаға дайындалды.

3.8. Жыл бойы өңірлік орталықтардың өкілдерімен және дене шынықтыру әдіскерлерімен онлайн форматта тұрақты кездесулер өткізілді.

Зертхана меңгерушісі

А. Мамырханова